ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢЫ

ЗАКОН
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Психологиялық қызмет туралы

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) кәсіптік құпия – психолог психологиялық қызмет процесінде алған, психологиялық көмек алушының жазбаша келісімінсіз жария етуге жатпайтын ақпарат;

2) психолог – психология саласында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және (немесе) ғылыми дәрежесі, тиісті біліктілігі бар және психологиялық қызметті атқаратын адам;

3) психологиялық көмек алушы – психологиялық көмек көрсетілетін жеке тұлға, отбасы немесе адамдар тобы;

4) психологиялық көмектің сапасы – психологиялық көмек көрсетудің уақтылылығын, психологиялық көмек көрсету әдістерін дұрыс таңдауды, жоспарланған нәтижеге қол жеткізу дәрежесін көрсететін сипаттамалар жиынтығы;

5) психологиялық қызмет – психологтың профилактика, диагностика, түзету, консультация беру, психологиялық саламаттылықты сүйемелдеу мен қолдау түріндегі психологиялық көмекті қамтитын кәсіптік қызметті жүзеге асыруы кезінде туындайтын құқықтық қатынастар жиынтығы;

6) психологиялық саламаттылық – жеке тұлғаның психоэмоциялық жай-күйінің тұрақтылығы, өмірдегі қиын жағдайларды еңсеру қабілеті қамтамасыз етілетін жай-күйі;

7) Психологтардың әдеп кодексі – психологтардың психологиялық қызмет атқару кезіндегі мінез-құлқы әдеп қағидаларының бірыңғай жиынтығы;

8) психолог супервизиясы – психологиялық қызметтің сапасын қамтамасыз етуге, құзыреттерді дамытуға бағытталған психологты кәсіби қолдау нысаны.

2-бап. Қазақстан Республикасының психологиялық қызмет туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының психологиялық қызмет туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттық міндеттемелерінен тұрады.

2. Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық шарттардың қолданылу тәртібі заңдармен айқындалады.

3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы

1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында психологиялық қызмет атқару процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарға қолданылады.

2. Осы Заңның күші:

1) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес реттелетін арнаулы медициналық көмек көрсету саласындағы қатынастарға;

2) «Құқық бұзушылықтың профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттелетін психологиялық көмек көрсетуге қолданылмайды.

3. Осы Заңның 4-бабының 3-тармағы 2) және 3) тармақшаларының, 8-бабының, 9-бабы 2 және 4-тармақтарының, 11-бабының 1-тармағы 6) және 7) тармақшаларының, 2-тармағы 2), 3), 5), 7), 9) және 10) тармақшаларының, 12-бабының 1-тармағы 2), 3), 4) және 6) тармақшаларының, 2-тармағының, 14, 17 және 19-баптарының ережелері Қазақстан Республикасының құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарында, азаматтық қорғау органдарында және Қарулы Күштерінде жүзеге асырылатын психологиялық қызмет саласындағы қатынастарға қолданылмайды.

4-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары

1. Осы Заңның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасында психологиялық қызмет атқарудың құқықтық, ұйымдастырушылық негіздерін, сондай-ақ психологиялық көмек алу кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері:

1) психологтардың кәсіптік біліктілігіне, оларды даярлауға, қайта даярлауға, біліктілігін растауға және арттыруға қойылатын талаптарды айқындау;

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

3) психологиялық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз ету;

4) сапалы психологиялық көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары:

1) заңдылық;

2) психологиялық көмекке жүгінудің ерiктілігі;

3) құпиялылық;

4) кәсіптік құзыреттілік;

5) ғылыми негізділік.

5-бап. Психологиялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясат

Психологиялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясат:

1) Қазақстан Республикасы азаматтарының психологиялық саламаттылығын қамтамасыз ететін жағдай жасауға;

2) білікті психологтарды даярлауға;

3) адамның тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, діни көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне немесе кез келген өзге де мән-жайларға қарамастан психологиялық көмек алу құқығын іске асыруда әр адамның тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге;

4) психологтың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге және қорғауға;

5) психологиялық көмекке мұқтаж жеке тұлғаға, отбасыға немесе адамдар тобына қатысты өмірдегі қиын және дағдарыстық жағдайлар мен олардың зардаптарының алдын алуға, оларды шешуге және еңсеруге ықпал ететін іс-шараларды өткізуге бағытталған.

6-бап. Мемлекеттік органдардың құзыреті

1. Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган:

1) психологтардың кәсіптік біліктілігін тану саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;

2) психологиялық қызмет саласындағы шараларды әзірлеуге және іске асыруға қатысатын мемлекеттік органдардың, мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді;

3) психологтардың мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін әзірлейді және бекітеді;

4) Психологтардың әдеп кодексін әзірлейді және бекітеді;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Орталық мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) психологиялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

7-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Жергілікті атқарушы органдар:

1) психологиялық қызмет саласындағы мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін жергілікті мемлекеттік басқарудың мүддесіне сай өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-бап. Хабардарлығы туралы келісім

1. Хабардарлығы туралы келісім – психологиялық көмек алушының немесе оның заңды өкілінің психологиялық көмек алуға жазбаша келісімі.

Егер психологиялық көмек алушы кәмелетке толмаған, сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адам болса, психологиялық көмек алуға хабардарлығы туралы келісімді олардың атынан ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі береді.

2. Осы баптың 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, психологиялық көмек алушыға қатысты кез келген психологиялық қызметке психологиялық көмек алушының хабардарлығы туралы келісімін алғаннан кейін ғана жол беріледі.

3. Хабардарлығы туралы келісім нысанын кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Суицидтік мінез-құлық белгілері, адамның дағдарыстық жағдайларда болғанын куәландыратын мән-жайлар, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық фактілері туралы мәліметтер болған кезде психологиялық көмек алушының не оның заңды өкілінің хабардарлығы туралы келісімі талап етілмейді.

9-бап. Психологиялық көмек

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес психологиялық көмек алуға әр адамның құқығы бар.

2. Психологиялық көмек алушы немесе оның заңды өкілі психологиялық көмектің мақсаттары, әдістері туралы хабардар болуға тиіс.

3. Психологиялық көмек күндізгі нысанда, қашықтан және аралас нысанда жүргізіледі.

4. Психологтың қызметінде бейне- және (немесе) аудиожазба қолдану, сондай-ақ олармен үшінші тұлғаларды таныстыру психологиялық көмек алушы не оның заңды өкілі тарапынан бұған хабардарлығы туралы келісім алғаннан кейін ғана мүмкін болады.

5. Психологиялық қызмет атқару кезінде психологиялық көмек алушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге жол берілмейді.

10-бап. Медициналық емес психотерапия

1. Медициналық емес психотерапия – медициналық араласуды қажет ететін психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарды (ауруларды) емдеуді қамтымайтын, өмірдегі қиын жағдайларды еңсеру, психоэмоциялық жағдайды жақсарту бағытында психолог ғылыми негізі бар әдістерді қолдана отырып жүзеге асырылатын психологиялық көмектің ерекше түрі.

2. Медициналық емес психотерапияны медициналық емес психотерапия саласында қосымша даярлықтан өткен психологтар жүзеге асыруға құқылы.

3. Медициналық емес психотерапия саласындағы қосымша даярлыққа қойылатын талаптарды ғылым және жоғары білім саласындағы уәкіл белгілейді.

4. Қазақстан Республикасының кәсіптік біліктілікті тану саласындағы заңнамасына сәйкес медициналық емес психотерапия саласындағы қосымша даярлыққа және психолог супервизиясы практикасына қойылатын талаптар психологтың кәсіптік стандартымен бекітіледі.

11-бап. Психологтың негізгі құқықтары мен міндеттері

1. Психолог:

1) психологиялық қызметтің тиісті саласында қолдану үшін сынақтан өткен, дәлелденген ғылыми негізі бар және сенімді әдістемелерді пайдаланып психологиялық диагностика жүргізуге;

2) психологиялық консультация беруге;

3) психологтарға олардың психологиялық қызметі шеңберінде әдістемелік көмек пен консультативтік қолдау көрсетіп отыруға;

4) психологиялық қызмет саласында ғылыми және сараптамалық қызмет атқаруға;

5) өзінің ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғауға;

6) «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен психологтардың қоғамдық бірлестіктерін құруға;

7) осы Заңның 13-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес психологтардың мемлекеттік тізілімінде тіркеуден өткен жағдайда жеке психологиялық практика тәртібімен психологиялық қызмет атқаруға құқылы.

2. Психолог:

1) психологиялық көмек алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып, психологиялық қызметті біліктілікпен атқаруға;

2) Психологтардың әдеп кодексін сақтауға;

3) осы Заңның 8-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, жұмыс басталар алдында психологиялық көмек алушының хабардарлығы туралы келісімін алуға;

4) психологиялық көмек алушыға өзінің біліктілігі, сондай-ақ оның құқықтары мен міндеттері туралы ақпарат беруге;

5) психологиялық көмек алушыға психологиялық көмек көрсетудің кез келген кезеңінде оны алудан бас тарту құқығы туралы хабар беруге;

6) егер психологиялық диагностика нәтижелері бойынша талап етілсе, психологиялық көмек көрсету үшін басқа кәсіптердің мамандарымен тиісті өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге;

7) жеке психологиялық практика шеңберінде психологиялық көмек алушымен психологиялық көмек көрсетуге шарт жасасуға;

8) мүдделер қақтығысы туындаған жағдайларда не өзінің кәсіптік құзыретінің шегінен асып кететін мән-жайлар анықталған кезде психологиялық қызметті атқарудан бас тартуға;

9) психологиялық қызмет атқару процесінде алынған мәліметтердің, ақпараттың кәсіптік құпиясын сақтауға және құпиялығын қамтамасыз етуге;

10) психологиялық көмек алушының немесе үшінші тұлғалардың өмірі мен денсаулығына қауіп төнген жағдайларда тиісті органдарды жедел түрде хабардар етуге міндетті.

3. Психологтың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де құқықтары мен міндеттері бар.

12-бап. Психологиялық көмек алушының негізгі құқықтары мен міндеттері

1. Психологиялық көмек алушының:

1) өздері осы Заңда белгіленген талаптарды сақтаған кезде сапалы психологиялық көмек алуға;

2) психологты, психологиялық көмек түрін және оларды көрсету нысанын таңдауға;

3) психологиялық көмек алу кезінде өз құқықтары мен міндеттері туралы, сондай-ақ туындаған психологиялық проблемалардың сипаты туралы ақпарат алуға;

4) психологиялық көмек көрсетудің кез келген кезеңінде одан бас тартуға;

5) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;

6) психологиялық көмек алу кезінде деректер жинауға, ғылыми зерттеулер объектісі ретінде қатысуға, бейне- және (немесе) аудиожазбаға, сондай-ақ психологиялық көмек көрсету процесінде үшінші тұлғалардың қатысуына келісім беруге не келісім беруден бас тартуға құқығы бар.

2. Психологиялық көмек алушы:

1) жеке психологиялық практикамен айналысатын психологпен жасалған психологиялық көмек көрсету туралы шарттың талаптарын сақтауға;

2) осы Заңның 8-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, хабардарлығы туралы келісім беруге міндетті.

3. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес психологиялық көмек алушының өзге де құқықтары мен міндеттері болады.

13-бап. Психологтардың мемлекеттік тізілімі

1. Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган ұлттық біліктілік жүйесінің цифрлық платформасында психологтардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді.

2. Психологтар психологтардың мемлекеттік тізіліміндегі:

1) жеке психологиялық практика тәртібімен және (немесе) жұмыс берушімен еңбек қатынасындағы психологиялық қызмет атқаратын психологтар модулінде;

2) мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінен алынған мәліметтері негізінде мемлекеттік ұйымдарда, дербес білім беру ұйымдарында психологиялық қызметті атқаратын психологтар модулінде тіркелуге тиіс.

3. Кәсіптік біліктілікті тану саласындағы уәкілетті орган психологтарды психологтардың мемлекеттік тізіліміне енгізу және одан алып тастау тәртібін әзірлейді және бекітеді.

4. Психологтардың мемлекеттік тізілімінде тіркеуден өтпеген адамдардың:

1) осы Заңда белгіленген психологиялық қызметті жүзеге асыруға және психологиялық көмек көрсетуге;

2) өзін психолог деп атауға, сондай-ақ «психо-» деген сөзге психологиялық қызмет атқаруда жаңылыстыратын өзге де туынды және ұқсас атауларды қолдануға;

3) медициналық диагностика жүргізуге және дәрі-дәрмекпен емдеуді тағайындауға, адам санасына әсер ететін, психикалық белсенді заттарды пайдалануға және (немесе) психикаға белсенді әсер ететін әдістерді, сондай-ақ адамның өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін басқа да әдістерді қолдануға құқығы жоқ.

5. Психологтардың мемлекеттік тізілімінен:

1) осы Заңның талаптарын бұзуға жол берген;

2) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

3) психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда динамикалық бақылауда тұрған;

4) психологиялық көмек алушының өмірі мен денсаулығына зиян келтірген психологтар алып тасталады.

Психологтардың мемлекеттік тізілімінде қайта тіркеуге тізілімнен алып тастауға негіз болған себептер жойылған кезде тізілімнен алып тасталған күннен бастап алты ай өткен соң жол беріледі.

14-бап. Психологтардың кәсіптік стандарты

1. Психологтардың кәсіптік стандарты психологтардың кәсіптік даярлығының мазмұны мен деңгейлеріне қойылатын бірыңғай талаптарды айқындайды, психологиялық қызметтің бағыттары мен қолдану аясын көрсетеді, сондай-ақ психологиялық көмек әдістерін қолдану үшін қажетті құзыреттілікті сипаттайды.

2. Кәсіптік стандарт психологтарға қойылатын біліктілік талаптарын айқындау, біліктіліктің, құзыреттіліктің және кәсіптік даярлықтың сәйкестігін бағалау, даярлаудың, біліктілікті арттырудың, медициналық емес психотерапия саласында қосымша даярлаудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу, психологиялық қызмет саласындағы біліктілікті растау үшін негіз болады.

3. Психологтың кәсіптік стандарты Қазақстан Республикасының кәсіптік біліктілікті тану саласындағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

15-бап. Психологты кәсіптік даярлау мен біліктілігін арттыру

1. Психологты кәсіптік даярлау психология саласында бейінді кафедралары бар жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының базасында жүргізіледі.

2. Психологтың біліктілігін арттыру жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарда, ғылыми ұйымдарда, біліктілікті арттыруды жүргізетін ұйымдарда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өз қаражаты және (немесе) өзге де қаражат есебінен кемінде бес жылда бір рет жүргізіледі.

16-бап. Психологтың ғылыми қызметі

1. Жеке тұлға психологиялық қызмет саласындағы ғылыми зерттеулерге өз еркімен қатысуға құқылы.

2. Жеке тұлғалардың ғылыми зерттеулерге қатысуына осындай адамның не оның заңды өкілінің хабардарлығы туралы келісімі болған кезде жол беріледі.

Жеке тұлға кез келген кезеңде ғылыми зерттеулерге қатысудан бас тартуға құқылы.

3. Психолог ғылыми қызметті атқару ғылыми зерттеуге қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын, алынған деректердің құпиялығын және ғылыми зерттеуге қатысушылардың өміріне, денсаулығына және психологиялық саламаттылығына зиян келтіруге жол бермеуді қамтамасыз етуге міндетті.

4. Ғылыми зерттеулердің нәтижелері олардың ғылыми қоғамдастық үшін қол жетімділігін қамтамасыз ететін нысанда жазылуға және толық, анық болуға және олардың әртүрлі түсіндірілу ықтималдығын болғызбауға тиіс.

17-бап. Психологтарды сертификаттау

1. Психологтарды сертификаттау кәсіптік даярлық деңгейін және біліктілік талаптарына сәйкестігін растауға бағытталған.

Сертификаттаудан сәтті өткен психологтарға олардың кәсіптік біліктілігін растайтын сертификат беріледі.

2. Психологтардың сертификаттаудан өту тәртібі Қазақстан Республикасының кәсіптік біліктілікті тану саласындағы заңнамасында айқындалады.

18-бап. Психологиялық қызмет саласындағы шектеулер

Психологқа:

1) медициналық диагностика жүргізуге және дәрі-дәрмекпен емдеуді тағайындауға, санаға әсер ететін, психикаға белсенді әсер ететін заттарды пайдалануға және (немесе) психикаға белсенді әсер ететін әдістерді қолдануға;

2) медициналық араласуды талап ететін ауыр психикалық, мінез-құқықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға психологиялық көмек көрсетуге тыйым салынады, ал тиісті симптомдар анықталған кезде психолог психологиялық көмек алушыға психиатр-дәрігерге жүгінуді ұсынуға міндетті;

3) психологиялық көмек алушыға психологиялық көмек көрсетудің нақты нәтижесіне, оның ішінде жарнамалық және өзге де мақсаттармен қол жеткізуіне кепілдік беруге тыйым салынады.

19-бап. Онлайн-платформаларды пайдаланып психологиялық көмек көрсету

1. Онлайн-платформалар арқылы психологиялық қызмет атқаратын психологтар психологтардың мемлекеттік тізілімінде тіркелгені туралы, сондай-ақ өздерінің білімі мен біліктілігі туралы мәліметтерді орналастыруға міндетті.

2. Психологтар онлайн-жарнама орналастыру кезінде «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген талаптарды сақтауға тиіс.

3. Психологиялық қызметті онлайн-платформалар арқылы атқару кезінде жалған ақпарат орналастыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

20-бап. Қазақстан Республикасының психологиялық қызмет туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Психологиялық көмек алушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіру және Қазақстан Республикасының психологиялық қызмет туралы заңнамасын өзге де бұзушылықтар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа алып келеді.

21-бап. Өтпелі ережелер

Осы Заңның талаптарына сәйкес психологтар осы Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл ішінде психологтардың мемлекеттік тізілімінде тіркеуден өтуге міндетті.

22-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

Осы Заң 2028 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 17-бапты қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң

қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ. ТОҚАЕВ



Дұрыс: Құжаттамамен қамтамасыз ету бөлімінің сектор меңгерушісі Шайф Н. Шайтынғады.